

**Маңғыстау облыстық мәслихатының 2018 жылғы 20 наурыздағы №17/212 "Маңғыстау облыстық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2022 жылғы 31 мамырдағы № 12/139 шешімі

Маңғыстау облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Маңғыстау облыстық мәслихатының "Маңғыстау облыстық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" 2018 жылғы 20 наурыздағы №17/212 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде № 3567 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген "Маңғыстау облыстық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесіде:

41 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"41. "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша түрде жүргізіледі. Қызметші танысудан бас тартқан жағдайда, еркін түрде акт құрылып, персоналды басқару қызметімен және мемлекеттік органның басқа екі қызметшісімен қол қойылған акт толтырылады.

Бұл ретте танысудан бас тартқан қызметшілерге бағалау нәтижелері мемлекеттік органдардың интранет-порталы және/немесе мемлекеттік қызмет персоналы бойынша автоматтандырылған бірыңғай дерекқор (ақпараттық жүйенің) не электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы осы Әдістеменің 40 тармағында көрсетілген мерзімде жолданады.";

42 тармақ алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Маңғыстау облыстық мәслихатының хатшысы*

*Н. Тумышев*